

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Еркежан» бөбекжайы

Топ: «Арай» тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі : Наурыз

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Денешынықтыру	<p>Жалпы дамыту жаттығулар: Қолды кезек жоғары артқа көтеру. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру(бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды) гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру.(5-6 рет) Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып тұру- (2-3рет)</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру. Жіптерден аттап жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту. Жүгіру: Жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Әр түрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу. Секіру. Алға айналдыра отырып ұзын және қысқа секіргіштен секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты екі қолымен заттардың арасымен(арақашықтығы 4м) жүргізу Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір бірінің жанына және бір бірінің артынан сапқа тұру. Орнында айналу,онға , солға бұрылу, сап түзеп, үш қатармен қайта тұру</p> <p>Музыкалық- ырғақтық жаттығулар: Жұбымен шеңбер бойымен жүру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Бадминтон ойынына жағдай жасау.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p>
	Сауат ашу негіздері	<p>Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. Қолды жазуға дайындау. Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен</p>

	үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз Р-Л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Сөздік қор: Қазақ халқының салт дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар» дәстүрінің мәнін түсіндіру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Ойыншықтарды сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Сөйлегенде бейнелі сөздерді қолдану.</p> <p>Шығармаларды қабылдау. Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын. Жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің бір біріне қатынасы негізінде салыстыру.</p> <p>Сан және санау. Топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәнерді дұрыс жалпылау.</p> <p>Шама: Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру.</p> <p>Геометриялық пішіндер. Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Нүктелерді қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор кезінде сызуға үйрету.</p>
Қөркем әдебиет	<p>Оқу, әңгімелеу. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру.</p> <p>Мәнерлеп оқу. Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Жұмбақ шешу өнеріне баулу.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» (күн, бұлт) табиғат құбылысымен таныстыру. Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін салыстыру.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың күнді немесе бұлтты ауа-райынын сезуі.</p> <p>Жануарлар әлемі. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: жануарлар мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң) бойынша топтастыру.</p> <p>Бала, оның отбасы, үйі: үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету.</p>

	<p>Заттық әлем. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну (компьютер) қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Еңбекке баулу. Кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге баулу.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан. Қазақ халқының салт- дәстүрлерін білу және құрметтеу.</p> <p>Жол қозғалысы ережелері. «Жаяу жүргіншілер жолы» белгілерін білу</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру: Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.</p> <p>Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалдарды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен таныстыру. Табиғи (тері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p> <p>Конструктор бөлшектерінен құрастыру. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға мүмкіндік беру.</p>
Сурет	<p>Заттық сурет салу. Бейнелеу әдістерін (жішпен) қолдану. Жаңа түстер бояуды араластыру арқылы шығару.</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі түсті фондарды қолдана отырып түсті таңдау.</p> <p>Сәндік сурет салу: Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («жетігүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту.</p>
Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу: Мүсіндеудің әр түрлі әдістерін қолдану: құрылымдық(жеке бөліктерден) және мүсіндік(негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау)</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Жануарлардың қимылдарын, қол аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу.</p> <p>Сәндік мүсіндеу: зергерлік бұйымдарымен(білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б қалауы бойынша мүсіндеу.</p>
Апликация	<p>Заттық жапсыру: Жапсырудың түрлі тәсілдерін (флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан(табиғи материалдан) жапсыру.</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай дайын үлгілермен жұмыс істеу. Композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру</p> <p>Сәндік жапсыру: Киіз үйдің жабдықтарымен(сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттарды қиып жапсыру, оларды ою өрнектермен безендіру.</p>
Қазақ тілі	<p>Төлдер жайлы түсінік дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Төлдерді ажыратып, дұрыс атай білуге үйрету.</p> <p>Жануарларға деген жылы сезімдерін ояту.</p> <p>2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді және сөздерді байланыстырып құрастыруды үйрету.</p> <p>Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Көктем мезгілі, Наурыз мерекесі жайлы әңгімелеу. Көктем жайлы қарапайым сұрақтар қояды және оған</p>

	<p>жауап береді. Меңгерілетін сөздер: қозы, лақ, бота, бұзау. Кітап-кітаптар, қалам-қаламдар. Көктем, Наурыз.</p>
<p>Музыка</p>	<p><i>Музыка тыңдау</i> Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Қазақ халық аспаптары: домбыра үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар шығармаларымен таныстыруды жалғастыру.</p> <p><i>Ән айту</i> Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p><i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</i> Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p><i>Билер</i> Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Мұғалімнің көрсету мен ауызша нұсқауы бойынша қимылдарды орындау қабілетін жетілдеру, тәуелсіздікке деген ұмтылысты ояту. Қазақ биінің қимылдарын үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Музыканың би сипатын сезіну.</p> <p><i>Би шығармашылығы</i> Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге</p>

		<p>сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><i>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау</i></p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптарда бірлесіп ойнау дағдыларын жетілдіру. Қазақ халық аспаптарында ойнауға деген сүйіспеншілікті ояту және оларға ойын тәсілдерін бекіту. Музыкалық (асатаяқ, бубен, румба, үшбұрыш, ағаш қасық) аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>
--	--	--